

**«8D02111 – Хореография режиссурасы» білім беру бағдарламасы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған Цой Анна
Вадимовнаның «Қазақстанның қазіргі драмалық қойылымдарындағы
пластикалық тілдің перформативтілігі» тақырыбындағы докторлық
диссертация мәтініне
АНДАТПА**

Зерттеу тақырыбының өзектілігі

Мәдени тәжірибелер мен зерттеулердің кең өрісінде нәтижеден үдеріске, делдалданған қимылдан тікелей әрекетке, сөз дискурсына қарағанда дене контексіне, жоқтықтан бар болуға бағытталған ізденістер герменевтикалық және дәстүрлі эстетикалық теориялар шеңберінен тыс жаңа теориялардың пайда болуына әкелді. Орындаушы денесімен манипуляциялар жасау, кеңістікті зертханалық деңгейде зерделеу және көрермен мен өнер туындысы, суретші арасындағы өзара қатынасты қайта пайымдау – қазіргі сахналық перформанстың негізгі қағидаттарына айналды. Заманауи өнердің жаңа конфигурациясы ретінде қарастырылатын перформативтіліктің пәнаралық контексті көрерменге ынтымақтастықты, яғни бірлескен авторлықты ұсынады. Бұл жағдайда көрерменнің қиялының ұшқырлығы, ассоциативтік ойлауы мен эмоционалдық сезімталдығы ең алдымен қажет және сұранысқа ие қасиеттер ретінде айқындалады.

Қазақстанның қазіргі мәдени кеңістігі кәсіби театрдан бастап постмодернистік бағыттардың түрлі тенденцияларына дейінгі мәдени институттардың кең ауқымын қамтиды, олардың ішінде перформативтік тәжірибелер айрықша орын алады. Қазақстанда перформанс XX ғасырдың 90-жылдарынан бастап бүгінге дейін қалыптасып келе жатқан салыстырмалы түрде жаңа өнер түрі болып табылады. Дене мен пластикалық тілдің өзара бірлігіне негізделген перформативтік қойылымдар толқыны қазақстандық драматургиялық кеңістіктің маңызды құрамдас бөлігіне айналып, жаңа театрлық формаларды іздеген көрерменге ерекше әсер етті. Алайда ХХІ ғасырдағы театрлық құбылыстардың тәжірибелік эксперименттері ғылыми пайымдаудан озық дамуда. Пластикалық тілдің көмегімен әлеуметтік және театрлық кеңістіктер арасындағы шекаралардың жойылуы театрды зерттеу саласындағы көптеген ұғымдық межелердің бұлдырлануына алып келді. Өнерлер тоғысындағы театрдың осындай «жарқылдауы» хореографиялық пен драмалық өнердің өзара көшуі мен ықпалдасуы мәселелерін өзектендірді. Сонымен қатар, «денеге негізделген жаңа ғылыми парадигма» қалыптасып келе жатқанына қарамастан, Қазақстанда перформанс көркем тәжірибесін зерттеудің тұрақты ғылыми дәстүрі әлі де орныққан жоқ.

Тақырыптың зерттелу деңгейі

Драмалық спектакльдің пластикалық шешімін талдауға белгілі бір дәрежеде келесі еңбектер ықпал етті: Н. А. Пицухтың (2004) зерттеуінде пластикалық бейненің трансформация мәселелеріне ерекше назар аударылған; Т. А. Григорьянцтың (2006, 2014) еңбектері пластикалық өнер түрлерін мәдени-тарихи тұрғыдан талдауға және пластикалық мәдениеттің семиотикасын

зерделеуге бағытталған; ал Е. А. Бережнаяның (2017) зерттеуінде заманауи театрдағы тән арқылы көрініс табу мен бейнелеудің мәні мен тәсілдері қарастырылады.

Театрдағы хореографиялық өнерді зерттеуге елеулі үлес қосқан ғалымдар қатарында А. В. Арустамян (1999), сондай-ақ Ресейдің драмалық театр актерін кәсіби қалыптастыру жүйесіндегі бидің орнын талдаған А. А. Лещинский (2011), Е. Е. Кузина (2012) және Н. Ф. Бабич (2012) еңбектері атап өтіледі. Сонымен бірге Т. В. Гордееваның (2020) XX–XXI ғасырлар тоғысындағы ресейлік би перформансындағы көркем коммуникация мәселелерін қарастырған және А. Козонинаның (2021) Ресейдегі би перформансының даму үдерісін талдаған зерттеулері ерекше мәнге ие. Соңғы жылдары перформативтік мәдениеттің даму мәселелеріне Ю. В. Кривцова (2006), Е. В. Аверьянова (2006) және А. А. Топорова (2017) назар аударды. Ал пластикалық драманың даму мәселелеріне Е. В. Юшкова (2004), М. М. Ячменева (2012), А. В. Константинова (2013) және басқа зерттеушілердің еңбектері арналған.

Перформативтілік пен перформанс теориясы бойынша іргелі еңбектер J. Butler (1998), S. Simon, W. Mick (2004), A. Badiou (2007), R. Goldberg (2018), P. Шехнер (2020), Э. Фишер-Лихте (2021) еңбектерінде көрініс тапқан. А. Hodge (2015) заманауи драмалық театр актерлерінің қозғалыс пен дене арқылы оқу-үйрену әдістерін зерттеген.

Аталған еңбектерде драмалық перформанс кеңістігіндегі пластикалық тіл ұғымы жеткілікті деңгейде зерттелмеген, сондықтан олардағы тұжырымдар осы жұмыста қойылған ғылыми міндеттерді шешуге тікелей қолдануға мүмкіндік бермейді. Бұдан бөлек, бұл зерттеулерде XX–XXI ғасырлар тоғысындағы қазақстандық театрдағы перформативтік өнердің даму тәжірибесі ескерілмеген. Ал қазіргі зерттеу заманауи драмалық қойылымдардағы пластикалық тілдің перформативтік аспектісін Қазақстандағы перформативтік өнердің даму үдерісі аясында талдауға бағытталған және бұл тақырып алғаш рет қарастырылып отыр. Қазіргі таңда зерттеу нысанына тікелей қатысты отандық немесе шетелдік әдеби дереккөздер жоқ.

Зерттеу нысаны ретінде қазақстандық режиссерлер мен пластика режиссерлерінің шығармашылық ынтымақтастығын неғұрлым толық ашып көрсететін заманауи драмалық спектакльдер алынды.

Зерттеу пәні

Пластикалық тілдің перформативтік аспектісін заманауи Қазақстан драмалық спектакльдерін жасаудағы негізгі көркемдік-экспрессивтік құрал ретінде талдау.

Зерттеудің әдіснамалық негізі заманауи театр мәселелерін қарастырған Батыс Еуропа мен Ресей зерттеулерінің тәжірибесіне сүйенеді, олардың басым бөлігі перформанстағы дене бейнесінің аспектісін әр қырынан қамтиды.

Р. Голдберг (1979) перформативтік өнерді тарихи контексте қарастырып, футуристер мен заманауи суретшілердің өзекті шығармашылық тәжірибелерін талдайды. W. Worthen (1998) драма, перформативтілік және перформанс ұғымдарын пәнаралық тұрғыдан зерделей отырып, олардың өзара байланысы мен театр мен перформанс арасындағы бағыттық көші-қон құбылыстарын

айқындайды. Дж. Батлер (1998) перформативтік актілердің табиғатын зерттеп, орындаушының денесіне тән гендерлік ерекшеліктерге назар аударады. S. Shepard пен M. Wallis (2004) әр түрлі тарихи кезеңдердегі драма, театр және перформанс арасындағы өзара қатынастарды зерттей отырып, қазіргі өзекті өнер саласының динамикалық дамуын, оның мақсаттары мен табиғатын, ғылыми зерттеу кеңістігіндегі орнын және дене ұғымына қатысты негізгі әдіснамалық тәсілдерді жүйелейді. Н. J. Minors (2012) перформанс феноменін кең контекстер тоғысында, соның ішінде тәндік практикалар мен жаңа «перформанс философиясы» бағыты аясында қарастырады. Ал «How Performance Thinks» еңбегінде перформативтік өнер теорияшылары мен практиктері «тәжірибе – зерттеу нысаны» қағидатын талдай отырып, бұл тәсілдің перформативтік оқиғаларды отандық театр кеңістігінде тиімді қолданылуына мүмкіндік береді. Э. Фишер-Лихте (2014) перформанс феноменін зерттей отырып, түрлі перформативтік тәжірибелерді түсіндіруге арналған негізгі ұғымдарды қалыптастырды. Р. Шехнердің (2019) перформанс теориясы әлеуметтік, психологиялық және семиотикалық бағыттардағы зерттеулерге жаңа мүмкіндіктер ашады.

Осылайша, перформативтілік эстетикасы мен перформанс теориясы, пәнаралық зерттеу тәсілдері, театр мен перформанс арасындағы өзара байланыс, перформативтіліктің гендерлік және философиялық қырлары, сондай-ақ оның ойлау жүйесі мен мақсаттық табиғатын түсіну қазіргі зерттеуге қазақстандық драмалық театрдағы перформативтік тәжірибелерді олардың вариативтілігі мен ашықтығы тұрғысынан тиімді талдауға мүмкіндік береді.

Диссертацияда келесі зерттеу әдістері қолданылды:

- мәдениет пен өнердің даму контекстінде «пластикалық» және «перформативтілік» ұғымдарының қалыптасуын зерделеуде мәдени-тарихи әдісі;

- би мен пластиканы негізгі сахналық шешім ретінде қолданатын драмалық спектакль-перформанстардың пайда болу және даму хронологиясын айқындау барысында тарихи-биографиялық әдісі;

- перформативтілік тұрғысынан пластикалық құрылымды анықтау үшін драмалық спектакльді сипаттау және талдау;

- сахналық мәтіннің ұйымдастырушылық құрылымын айқындауға арналған метадискурс тәсілі қолданылады. Зерттеу нысаны ретінде ең алдымен пластикалық тілді алдыңғы қатарға шығарады. Спектакль құрамындағы жекелеген пластикалық көріністер өзара байланыста қарастырылып, спектакльдің бірыңғай таңбалық жүйесін қалыптастыратын тұтас желі ретінде түсіндіріледі.

- XX-XXI ғасырлар мен қазіргі кезең драмалық спектакльдеріндегі пластиканың орны мен рөлін айқындау мақсатында салыстырмалы-салғастырмалы талдау әдісі;

- қазіргі Қазақстан драмалық театр перформанстарында режиссерлердің пластикалық шешімдері мен шығармашылық тәжірибесіне қатысты эмпирикалық деректерді жинақтау және жүйелеу мақсатында сұхбат алу (интервью) әдісі;

– пластикалық мәтіндерді декодтау және интерпретациялық функцияларды олардың перформативтілік тұрғысынан бағалау барысындағы семиотикалық әдісі;

– пластикалық-драмалық театр қойылымдарының жалпы Қазақстандағы өнердің дамуына философиялық, мәдениеттанулық және философиялық әсерін зерттеудегі өнертану әдісі;

– феноменологиялық тәсіл (Maxine Sheets-Johnstone) қозғалысты пластикалық тілдің іргелі негізгі ретінде қарастырып, оның бастапқы онтологиялық табиғатын айқындайды. Бұл тұрғыда зерттеуші сананың механикалану үдерісін дененің механикалануымен параллель қарастырады. Аталған әдіс арқылы пластикалық тілдің семантикалық құрылымы мен мағыналық қабаттары дене соматикасы мен саналық тәжірибе арқылы зерделенеді, бұл қазіргі хореографиядағы перформативтік зерттеулердің ерекшелігі болып табылады;

– визуалды драматургия тұжырымдамасы (Knut Ove Arntzen) көрермен мен визуалды қабылдау объектісі арасындағы семиотикалық және коммуникативтік байланысты орнатуға бағытталған. Қазақстандық театрдың постдрамалық кезеңіндегі мәтін мен мәндік тұрғыдан тең дәрежеде қарастырылып, бұл пластикалық тілді тұтас көркемдік кеңістікте өзінің құрылымдық және семиотикалық сипаттарын сақтай отырып талдауға мүмкіндік береді. Аталған тұжырымдама мәтіндік және перформативтік компоненттердің өзара әпекеттестік жүйесін айқындауға мүмкіндік беретін әдіснамалық құрал ретінде қарастырылады;

– қазіргі Қазақстандық театрларының актерлік құрамымен жүзеге асырылатын көркемдік-эксперименттік зертхана. Аталған зерттеу алаңынан нәтижелері заманауи актердің кәсіби қалыптасуы мен шығармашылық эволюциясының негізгі бағыттарын айқындап, оларды Қазақстан драмалық өнерінің жалпы даму контекстінде зерделеуге мүмкіндік береді;

Зерттеудің ғылыми жаңалығы

– пластикалық тілдің әлемдік театр өнері тарихындағы қалыптасуы мен дамуы перформативтілік тұрғысынан алғаш рет зерттелді;

– пластикалық тіл драмалық және хореографиялық өнерлердің тоғысында перформанс қалыптастыру тәсілі ретінде қарастырылды;

– драмалық спектакльдер пәнаралық тәжірибе тұрғысынан талданып, пластикалық тіл құрылымына енетін ұғымдар (дене, денелік бейне, денелік көрініс) айқындалды;

– заманауи өнер мен театрдың интеграциялық үрдісін теориялық тұрғыдан негіздеуде денелік репрезентация феномені арқылы көрініс табатын келесі ұғымдар жүйесі талданады: перформанстың қайталану тәжірибесі (резнактмент) көркем актінің уақыттық және кеңістік шеңберінде қайта жаңғыртылуы; көрерменмен көркем-коммуникативтік өзара әрекеттің маңыздылығын арттыру (партисипация, интеракция); қабылдаушының қатысуын белсенді шығармашылық элемент ретінде тану; спектакль құрылымының ішкі драматургиялық шекарасында және уақыт жағынан ашық, үнемі түрленіп отыратын үдеріс ретінде импровизация (перформанс);

- XIX-XX ғасырлар тоғысындағы Қазақстандағы пластикалық бейнелерді сомдау арқылы перформативтік тәжірибелердің пайда болуы қарастырылды;
- пластикалық тілдің перформативтілік құралдарын қазіргі сахналық қойылым жасаудағы әдіс және тәсіл ретінде теориялық тұрғыдан негіздеу жүзеге асырылды;
- Қазақстандық режиссерлердің заманауи драмалық спектакльдеріндегі би мизансценалары мен пластикалық шешімдері перформативтік аспектілер тұрғысынан талданды;
- пластика режиссерінің қазіргі қазақстандық театрдағы орны мен рөлі теориялық тұрғыда айқындалды;
- Қазақстан театр өнеріндегі қазіргі пластикалық-драмалық ойлау мәселелері мен оларды шешу жолдары ұсынылды;
- Қазақстандағы перформативтік тәжірибелер әлемдік зерттеулер дискурсы тұрғысынан жүйеленіп, категорияларға бөлінді;
- Қазақстандық актерлердің эксперименттік зертханаларының нәтижелері талданып, олардың перформативтік пластикалық тіл ұғымын тереңдетудегі және заманауи театр тәжірибесінде тиімді қолданудағы рөлі айқындалды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар

- дене мен оның пластикалық тіліне жүгіну драмалық және хореографиялық өнердің өзара тоғысуы (контаминациясы) аясында перформанс қалыптастырудың шешуші факторы ретінде қарастырылды;
- перформанстың тарихи сабақтастығы мен Батыс Еуропа тәжірибесінің кезеңдік дамуы дене тақырыбына бағдарланған қазақстандық суретшілердің шығармашылық практикасында перформанстың пайда болуы мен дамуына ықпал еткені анықталды;
- Қазақстанның қазіргі драмалық театрына тән көркемдік процестердің динамикасы перформативтілік аспектілері арқылы пластикалық тілді өзектендіру үрдісін көрсетіп, бұл құбылыс перформативті театрдың дамуына серпін беретіні дәлелденді;
- пластикалық тілді пәнаралық тұрғыдан зерттеу – метадискурс, феноменология және визуалды драматургия тұжырымдамалары негізінде жүзеге асырылып, қазақстандық перформер мәдениетінің қалыптасуына және көрерменмен жаңа типтегі көркем коммуникацияның орнығуына ықпал ететіні анықталды. Бұл тәсіл қазіргі сахналық перформансты оқу мен түсіндірудің тиімді жолдарын ұсынды;
- Қазақстандық 60-тан астам драмалық қойылым мен перформанс тәндік практика тұрғысынан талданып, олардың нәтижесінде болашақ пластикалық бейнелеуге тән алгоритмдер мен құралдар айқындалды. Бұл элементтерге: замандас денесі, физикалық айқындылық, гендерлік аспект, нарратив, дискурс, импровизация, уақыттың тәндік белгілері, инсталляция, дыбыс, түс, тыныштық, визуалды медиа, ритуал, миметикалық эмпатия және пластикалық символ сияқты ұғымдар жатады;
- драмалық әрекеттің перформативтік үдерісіндегі пластикалық

репрезентация қазіргі даму кезеңінде ашық құрылым ретінде, форма мен процестің тоғысы түрінде қарастырылып, ондағы пластика режиссерінің рөлі – сахналық көркем символды визуалды-экспрессивті түрде қалыптастырудағы жетекші фактор ретінде теориялық тұрғыда негізделді.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңызы

Осы зерттеу аясында қалыптастырылған және ұсынылған перформативтік контекст арқылы перформердің пластикалық тілін қалыптастыру қағидаттары режиссурада, педагогикада, сондай-ақ перформанс тәжірибесімен айналысатын театр институттары мен университеттердің өнер факультеттеріне арналған оқу құралдары мен ғылыми-әдістемелік ұсынымдарды әзірлеуде қолданылуы мүмкін.

Зерттеудің сыннан өтуі

Диссертацияның негізгі тұжырымдары ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған журналдарда жарияланған төрт мақалада және Scopus компаниясының дерекқорына кіретін Q1, процентиль – 93, базасындағы бір еңбекте көрініс тапқан.

Диссертация 2025 жылдың 29 қыркүйегінде Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Хореография» кафедрасының кеңейтілген мәжілісінде талқыланып, қорғауға ұсынылды.

Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

